

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

5. Мұғалімнің сұрағынынан кейін танымдық іс әрекет ету үшін проблемалық оқыту элементтері қолданылады.

Сабақты дәстүрлі емес формада өткізу де оқушыларды еңбекке ынталандырады. Сараланған тапсырмалары бар конверттерді сабақ басталар алдында оқушыларды ыңғайсыз жағдайға қалдырып бөлмей таратып берілсе, олар өз мүмкіндігіне қарай орындайды.

Жоғарыда аталған тапсырмаларды барлығымен бірге орындай отырып, бала өзін табысты сезінеді, өзіне сенімді болады, солай жұмыстағы белсенділігі мен оқу деңгейі жоғарылайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алексеев С.В. Дифференциация в обучении предметам естественнонаучного цикла. – Л., 1991.

2. Апатова Л.В. Дифференцированный подход к учащимся в обучении географии. Брянск, 1986.

3. Ж.У.Кобдикова «Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту)». 2002 ж.

4. Майк Гершон. Дифференциация түрлері. Дифференциациялаудың 80 түрлі жолы. [Bit.ly/tes_mixed_ability](http://bit.ly/tes_mixed_ability), 2014.

5. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучение/ И.Э.Унт// Педагогика.- 1990.-С.192.

6. Жунисбекова Ж.А. Дифференцированное обучение учащихся//Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований.-2015.-№11.-С.748-751.

ӘӨЖ: 911.2 (574)075

«ГЕОГРАФИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША 9-ШЫ СЫНЫПТА БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Әбілқасым Мәншүк Аманкелдіқызы

abilkassymmanshuk12.02@mail.ru

«6B01524- география мұғалімдерін даярлау» мамандығының 3 курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Астана қ

Ғылыми жетекшісі - Мусабаева М.Н.

Астана Қазақстан

«География» пәні бойынша 9 сыныпта география ғылымының қазіргі заманауи зерттеу мәселелерін анықтауда, зерттеу нәтижелерін академиялық формаларын ұсынуға, географиялық терминдердің мағынасын түсіндіруде оқып үйренуде білім берудің жаңа әдістерін кеңірек пайдаланылады. Қазақстанның ірі физикалық географиялық аудандары тақырыбына талдау жасау.

Тақырыптың мақсаты: Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандарының тарауын кескін картада көрсету; Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандарын жоспар бойынша сипаттау; географиялық аудандардың бір-бірінен айырмашылықтарын анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмысы 02.03.2023 жылы ауданы №38 Мектеп лицей мектебінде жүргізілді. Зерттеуге 20 оқушы қатысты. Оқушылардан сауалнама, ауызша сұрақ-жауап алынды. Оқушылармен сабақта амандасу, түгелдеу, психологиялық жағымды ахуал туғызу. Сынып оқушыларын ірі физикалық – географиялық аудандарының суреттері бойынша 3 топқа бөлдім. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойландырту үшін «Серпілген сауал» әдісі арқылы оқушыларға доп лақтыра отырып сұрақ қойып шықтым. Мәтінмен жұмыс

«Дескриптор» әдісі де қолданылды. (Оқушылар тақырыпты арнайы таратылған және арнайы слайдтардың көрсетілім арқылы өздігінен оқып, түсінеді, керегін өзіне жазып алады, есінде сақтайды, топпен талқылап пікірлеседі). Оқушыларға *ой толғаныс*. «Бұл мәлімет шындық па, жалған ба?» стратегиясы әдісі де қолданылды. Картадан Қазақстандағы ірі физикалық - географиялық аудандардың таралуын көрсете отырып, толық мағлұмат берулері керек. (1.31)



Сурет 1 Қазақстанның физикалық аудандастыру картасы

Оқушыларға «Дескриптор» әдісі қолданылды.


ТЖ Топтық жұмыс

Білім алушы:

1. Әр топ өзіне берілген географиялық ауданның алып жатқан аймағын кескін картаға түсіреді, жер бедерін, геологиясын, климатын сипаттайды.

2. Ауданда кездесетін экологиялық проблемаларды анықтайды, оларды шешу жолдарын ұсынады.


Тапсырма орындалып болғасын, топтар өз аудандары бойынша ақпараттарымен өзге топтармен бөліседі. (2.91)



Сурет 2 Зоналар мен аймақтар


Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелерін жан-жақты талдау нәтижесі бойынша Қазақстанның ірі физикалық – географиялық аудандарын оқушылардың 16 (80%)-ы білсе, 4 (20%) оқушы білмейтін болып шықты (3.52)

Қазақстанның ірі физикалық - географиялық аудандарын білесің бе?



Сурет 3 Қазақстанның ірі физикалық – географиялық аудандарын білесің бе?

Дескриптор әдісі нәтижесіне сәйкес оқушылардың 70% оқушы өте жақсы жауап берді, ал оқушылардың 20% жақсы, 7% қанағаттандырылған, 3% оқушы нашар жауап берді. (4.86-87)



Сурет 4 Оқушылардың сабаққа қатысуы

Осы сабақ барысында «дескриптор», «бұл мәлімет шындық па, жалған ба, ойлан, жұптас және пікірлес» әдістерін және де карта, атласпен жұмыс жасау арқылы оқушылар тақырыпты тереңірек түсініп, өте жоғары деңгейде меңгеріп шықты. Диаграммаға сәйкес сыныптың 70%- ы сабаққа өте белсенді, 20 %- ы жақсы, 7 %- ы қанағаттанарлық, 3%- ы нашар қатысты. Осындай әдістерді пайдалана отырып оқушылар қызығушылық танытып, белсенділігі артты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қаратабанов Р.Ә -Қазақстан географиясы. Жалпы білім беретін мектептің 9 сынып оқушыларына арналған Алматы кітап баспасы 2019-25-31 бет, сурет 1 <https://www.okulyk.kz/geografija/445/>

2. «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015 87-91бет <https://melimde.com/urok-1-razdel-kompeyuteriiprogrammiskvoznayatemavseobo-mne-f-i.html?page=54>

3. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014 48-52 бет,сурет 2 <https://bilimger.kz/120903/>

4. «Формирование коммуникативных умений в контексте уровневых программ курсов повышения квалификации педагогов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015 108-120 бет,сурет 3 https://ust.kz/word/tygan_olkem_baga_jetpes_bailygym_ekskyrsiya_sabagyning_jospary-42825.html

ӘӨЖ 502

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Бахитбек Дана

Dana_bahitbek@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жаратылыстану ғылымдар факультетінің магистранты,
Ғылыми жетекші – Сапаров Қуат Табылдыұлы
Астана қ., Қазақстан

Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас мәселесі жаңа туындап отырған мәселе емес, бірақ ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана табиғи ортаға антропогендік әсер биосфераның өнімділігі мен адамның өмір сүру жағдайының сапасына қауіп төндірді. Қазіргі уақытта қоғам тұрақты дамудың негізгі факторлары әлемдік қауымдастық қабылдайтын экологиялық қауіпсіздіктің кепілдіктері екенін түсінеді. Сондықтан, ХХІ ғасырдың басында ғалымдар халықтың барлық топтарын қалыптастырудың жүйе құраушы факторына айналатын кең ауқымды экологиялық білім беруді қолдану қажеттілігіне күмән келтірмейтіні заңды [1].

Экологиялық білім қоғам мен табиғат қатынастарын үйлестірудің басым бағыты ретінде танылды. Экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған шаралар арасында білім берудің жетекші ролін мойындау біздің еліміздегі және шетелдегі нормативтік құжаттарда көрініс тапты.

2021 жылғы 2 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық білім беру мен ағартудың мақсаты тұрақты даму қағидаттарына негізделген азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын және қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады[2].

«Экологиялық сауатсыздықты» жою ісінде жалпы білім беретін мектеп ерекше рөл атқарады, өйткені мектеп қабырғасынан барлық әлеуетті табиғат пайдаланушылар өтеді. Қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты экологиялық білімнің өзектілігі барлық белгілі ғылым салаларында көрініс табады. Мектептегі география пәні, оның мазмұны география ғылымының негіздерін көрсетеді, басқа оқу пәндерінен табиғатты, қоғамды және олардың қарым-қатынастарының сипатын зерттеуге кешенді көзқараспен ерекшеленеді. География жаратылыстану және әлеуметтік-экономикалық білімді біріктіретін мектеп пәндерінің бірі. Мұның бәрі мектепте оқытылатын география экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мақсаттарына жету үшін айтарлықтай әлеуетке ие деп айтуға мүмкіндік береді[3].

Экологиялық білім мен тәрбие қоғамның экологиялық әл-ауқатының негізі болып табылады және көптеген ғылымдардың жетістіктерін пайдаланатын жаратылыстану және әлеуметтік білімнің ерекше дамып келе жатқан жүйесін білдіреді. Табиғаттың сұлулығына деген құштарлық-бұл адамның, әсіресе балалардың табиғи қажеттілігі. Егер біз жас ұрпақтың тек тұтынушы емес, жауапты, парасатты азамат болып өскенін қаласақ, олардың толыққанды экологиялық тәрбиесі мен білімі үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтын кез келді. Демек, экологиялық білім мен тәрбие-бұл адам мен қоғамның қоршаған ортаға